

Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Ілбішін, Қабыл, Тінәлі, Битілеу ауылдарының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 шілдеде № 3957 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Ілбішін, Қабыл, Тінәлі, Битілеу ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ақжол ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Ілбішін, Қабыл, Тінәлі, Битілеу ауылдарының атаусыз көшелеріне қосымшаға сәйкес атаулар берілсін.

2. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуді және осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақжол ауылдық округінің
әкімінің міндетін атқарушы*

К. Ажғалиев

Ақжол ауылдық округі әкімінің
2015 жылғы 2 шілдедегі
№ 10 шешіміне қосымша

Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Ілбішін, Қабыл, Тінәлі, Битілеу ауылдарының атаусыз көшелерінің атаулары

1. Ілбішін ауылы бойынша:

- "№ 1" жобалық көшесі – "О. Исаев" көшесі;
- "№ 3" жобалық көшесі – "Д. Қонаев" көшесі;
- "№ 5" жобалық көшесі – "М. Маметова" көшесі;
- "№ 6" жобалық көшесі – "С. Сейфуллин" көшесі;
- "№ 7" жобалық көшесі – "Бейбітшілік" көшесі;
- "№ 8" жобалық көшесі – "А. Әйтиев" көшесі;

"№ 9" жобалық көшесі – "Б. Момышұлы" көшесі;
"№ 10" жобалық көшесі – "Ә. Молдағұлова" көшесі;
"№ 11" жобалық көшесі – "С. Датұлы" көшесі;
"№ 12" жобалық көшесі – "Ш. Уәлиханов" көшесі;
"№ 13" жобалық көшесі – "Далалық бұрылыс" көшесі;
"№ 15" жобалық көшесі – "Мұнайшы" көшесі;

2. Қабыл ауылы бойынша:

"№ 1" жобалық көшесі – "Қабыл Қамешов" көшесі;
"№ 2" жобалық көшесі – "Кенжебек Мендалиев" көшесі;
"№ 3" жобалық көшесі – "М. Әуезов" көшесі;
"№ 5" жобалық көшесі – "Жамбыл" көшесі;

3. Тінәлі ауылы бойынша:

"№ 1" жобалық көшесі – "Тінәлі" көшесі;
"№ 2" жобалық көшесі – "Құрманғазы" көшесі;

4. Битілеу ауылы бойынша:

"№ 1" жобалық көшесі – "Битілеу" көшесі;
"№ 2" жобалық көшесі – "Д. Нұрпейісова" көшесі.